



Автор: Муртазина Алимжан Жапанқызы

Пән: Қазақ тілі (Т1)

Сынып: 5-сынып

Бөлім: Көлік және жол белгілері

Тақырып: Өнер-білім бар жұрттар

Осы сабақ арқылы жүзеге асатын оқу мақсаттары	5.2.5.1 – мәтін мазмұнын түсінуге, нақты ақпараттарды анықтауға бағытталған сұрақтар құрастыру; 5.3.6.1 – мәтіндегі орфографиялық қателіктерді сөздіктерге сүйене отырып, түзету және редакциялау
Сабақ мақсаттары	Барлық оқушылар орындай алады: Тыңдалған мәтіннің мазмұнын түсінеді 7 Оқушылардың көпшілігі орындай алады: Тыңдалған мәтіндегі негізгі ақпараттарды анықтай алады. Кейбір оқушылар орындай алады: Тыңдалған мәтіндердегі негізгі және қосымша ақпараттарды анықтай алады, сұрақтар құрастырады.
Бағалау критерийі	Мәтін мазмұнын түсінеді; Мәтіндегі негізгі және қосымша ақпараттарды анықтайды.
Тілдік мақсат	Диалог құруға/ шығарма жазуға арналған пайдалы тіркестер: «ПОПС» формуласы • Бірінші сөйлем «Менің ойымша, ... » • Екінші сөйлем «Себебі, мен оны былай түсіндіремін ... » • Үшінші сөйлем «Оны мен мына фактілермен, мысалдармен дәлелдей аламын ... » • Соңғы сөйлем «Осыған байланысты мен мынадай қорытынды шешімге келдім ... »
Сабақта қамтылатын құндылықтар	Ынтымақтастық; бір-бірін қолдау, өзгенін пікірін сыйлау; Өз пікірін білдіру барысындағы ашықтық;
АКТ қолдану дағдылары	Осы сабақ барысында оқушылар Power Point бағдарламасынан тақырыпқа қатысты көрнекі құралдарды пайдалану үшін интербелсенді тақтаны Quizlet, LearningApps.org сайттарыннан тапсырмаларды орындау үшін қолданады.
Алдыңғы оқу	Қиял мен аңыз

Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың басы (5 минут)	Амандасу. Түгендеу. Сыныптың сабаққа дайындығын тексеру. Психологиялық ахуал (2 мин) Әуен қосулы тұрады. Ширату жаттығуын орындау. 1)Күннің жарқырап тұрғаны жақсы ма? (күнді бейнелейді) Жақсы! (қол шапалақтайды) 2)Желдің соққаны жақсы ма? (желді бейнелейді) Жақсы! (қол шапалақтайды) 3)Достармен бірге жүрген жақсы ма? (адымдайды) Жақсы! (қол шапалақтайды) 4)Анаңды құшақтаған жақсы ма? (өзін құшақтайды) Жақсы! (қол шапалақтайды) 5)Үйімізде болған жақсы ма? (үйді бейнелейді) Жақсы! (қол шапалақтайды) 6)Айналып би билеген жақсы ма? (айналады) Жақсы! (қол шапалақтайды) 7)Туған жеріміз, Қостанай да жүрген жақсы ма? (қолдарын екі жаққа кереді) Жақсы! (қол шапалақтайды) 8)Қазақстандық болған жақсы ма? (бас бармақтарын көрсетеді) Жақсы! Қызығушылықты ояту:Суреттерге қарап, бүгінгі сабақтың мазмұнына болжам жасау. Белгілерді табуға бағытталған сұрақтар құрастыру Белгілерді табуға бағытталған сұрақтар құрастыру	

Сабақкезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Тыңдалым алды сұрақтар (5минут)	Суреттердегі заттар қалай аталады? □ Егер осындай ғимараттар мен жаңа технологиялар болмаса, не болар еді? □ Олардың қалай пайда болғандығын білесің бе? Тыңдалым. 1 - тапсырма. «Өнер-білім бар жұрттар» тақырыбындағы бейнебаянды қарап, тыңдайды. Оқылым. «Сканерлеу»әдісі арқылы оқушылар мәтінді қайта оқиды және өздерінің бірінші ретоқығанда нені қалдырып кеткенін және екінші рет оқығанда ненібайқағанын айтады. (Олар, бәлкім, маңызды бір тұстарды естерінде сақтар, мысалы, атын, кейіпкерлерін немесе статистикалық деректер). Сұрақтарға жауап береді. 1. Ақын өлеңде өз заманы үшін ғажайып оқиғалар мен таңсық дүниелерді қалай сипаттаған? 2. Ы. Алтынсариннің жазғаны бүгінгі таңда қалай жүзеге асқанын айтып беріңдер. 3. Ақын суреттеген ғажайыптар неліктен қиял болудан қалды? Дескриптор: 1. Мәтінді түсініп, оқиды. 2. Мәтін бойынша берілген сұрақтарға жауап береді. 3. Өз ойын толыққанды әрі нақты жеткізеді. Quizlet.com сайты арқылы деректі және дерексіз зат есімдерді түсіндіру.	https://quizlet.com/_7v2x9d?x=1qqt&i=2luejp
Сабақтың ортасы (8минут)	Жазылым мен айтылым. 2 - тапсырма. Мәтін мазмұны бойынша «Венн диаграмма» әдісі арқылы деректі, дерексіз зат есімдерді тауып, екі топқа бөліп жазу. ҚБ Бас бармақ арқылы бір-бірін бағалау Дескриптор: 1. Мәтіннен деректі, дерексіз зат есімдерді табады. 2. Ерекшеліктерін анықтайды. 3. Ұқсастығын табады. 5e467a8bec64e.png Image not found or type unknown	
Үлестірмелі карточкалар (8 минут)	3 – тапсырма. Дерексіз зат есімдерге жұрнақ жалғап, туынды сөз жасаңдар. (Хабар, өнер, білім, арман, қуаныш, бақыт) 4 – тапсырма. Сәйкестендіріңіз.	https://learningapps.org/display?v=pjjwwe2xa20
Сергіту сәті. (5 минут)	Шығармашылық тапсырма. «Мен» өлеңін әр түрлі көңіл – күймен оқу. 1 оқушы – күліп 2 оқушы – жылап 3 оқушы – мәнерлеп оқиды. Мен – елімнің күлкі, әні, Болашағы, нұр таңы. Ерліктерге бастаған Бабалардың ұрпағы – Ұланымын елімнің! (Ф.Оңғарсынова) ҚБ «Шапалақ» әдісі 5 – тапсырма. Өлеңдегі ғажайып сипатқа ие оқиғаларды бүгінгі күнмен салыстырып, кестені толтырыңдар. Ы. Алтынсариннің өлеңіндеБүгінгі таңда Айшылық алыс жерлерден.... Жылдам хабар алғызды. Телефон, ғаламтор, факс, телеграмма, т.б	
Сабақты бекіту: (3 мин)	«Қар кесегі» әдісі арқылы сабақта өткен материалды бекіту.	
Сабақтың соңы (5 минут)	Рефлексия. «Бөлмедегі заттар» әдісі. Әр оқушы бөлмедегі бір жансыз заттың атын жазады. Сол заттың атынан бүгінгі сабаққа өзінің қатысы туралы сөйлейді. Мысалы: «Мен партамын. Бүгін маған тыныштық болмады. Менің бүгін «Дерексіз зат есімдер» туралы білдім».	
Үйге тапсырма. (1 минут)	Өнер-білімнің пайдасы жайында мақал-мәтелдер тауып жазып, мағыналарын түсіндіріңдер. Деректі, дерексіз зат есімдерді ажыратыңдар.	